

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY

FTAXP/ МРНТИ / IRSTI 03.20

ӘӨЖ/УДК/ UDC: 930.26+39(574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.84.1.017>

Г.И. Кушенова ^{*1}, Г.К. Жапекова ²

**1 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
E-mail: jamal-i@mail.ru*

*²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
E-mail: gulfairusk@mail.ru*

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ҚАЗАҚ ЖЫЛҚЫЛАРЫНЫҢ КӨРМЕСІ
(XIX ғ. соңы)

Аңдатпа

Жылқының қолға үйретілуі көшпенді мәдениеттің дамуына елеулі әсер етіп, өркениеттердің қалыптасуына маңызды рөл атқарды. Жылқылар ауыл шаруашылығында, көлікте және әскери іс-әрекеттерде қолданылып, экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктерді кеңейтті. Қазақ жерінде ат баптау тарихы ерекше орын алып, бүгінгі күні де ауыл шаруашылығының маңызды бөлігі болып қалуда.

Бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы меценаттық пен қайырымдылық қызметінің қоғамдағы рөлін, жылқы шаруашылығының экономикалық маңыздылығын, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени және сауда байланыстарын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, ат баптау мен ауыл шаруашылығының дамуын зерттеу арқылы аграрлық сектордағы өзгерістерді талдауға мүмкіндік береді.

Мақалада архивтік деректер негізінде Ресей империясында қазақ жылқыларының көрмелерін ұйымдастыру, олардың экономикаға, әлеуметтік және мәдени байланыстарға, сондай-ақ техно-логиялық дамуға әсері зерттеледі. Көрмелер жылқы өсірудегі жетістіктерді көрсету, жаңа әдіс-терді насихаттау және тәжірибе алмасу үшін ұйымдастырылды. Бұл шаралар Мәскеу, Санкт-Петербург секілді ірі қалаларда және басқа аймақтарда өткізілді. Олар империяның түрлі бөліктері арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етті.

Қазақтардың жылқы өсірудегі дәстүрлі дағдылары тұқым сұрыптау, жақсарту және жылқы басын сақтауға көмектесті. Жылқы өсірудің экономикалық маңызы оның ауыл шаруашылығында, көлік ретінде және әскерде қолданылуымен ерекшеленді.

Көрмелерді қолдаған меценаттар аграрлық сектордың дамуына және экономиканың нығаюы-на ықпал етті. Асыл тұқымды жылқыларды өсіру өнімділікті арттырып, сауда мүмкіндіктерін кеңейтті. Олардың үлесі тек қайырымдылықпен шектелмей, стратегиялық маңызы да болды. Ат өсіруге қолдау көрсету аграрлық секторды күшейтті, ал ол Ресей империясының экономикасының негізі болды. Жылқы көрмелері шаруашылық пен мәдениеттің өзара байланысын көрсетті және ат өсірудің экономикалық және мәдени рөлін айқындады.

Кілт сөздер: Қазақстанның тарихы, қайырымдылық, меценаттық, көрмелер, ат өсіру

Алғыс айту: Ғылыми мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан қаржыландыратын АР19676432 «Қазақ қоғамындағы діни дәстүрлер мен қайырымдылық (XIX-XX ғасырдың басы)» атты ғылыми жоба аясында орындалды.

Кушенова Г.И.¹, Жапекова Г.К.²

^{*1} Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
E-mail: jamal-i@mail.ru

² Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан)
кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
E-mail: gulfairusk@mail.ru

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ: ВЫСТАВКА КАЗАХСКИХ ЛОШАДЕЙ (конец XIX в.)

Аннотация

Одомашнивание лошади оказало значительное влияние на развитие кочевой культуры и сыграло важную роль в формировании цивилизаций. Лошади использовались в сельском хозяйстве, транспорте и военных действиях, расширяя экономические и социальные возможности. История коневодства на казахской земле занимает особое место и по сей день остается важной частью сельского хозяйства.

Актуальность и значимость исследования данной темы помогают понять роль меценатства и благотворительности в обществе, экономическую важность коневодства, а также культурные и торговые связи между Казахстаном и Россией. Кроме того, изучение развития коневодства и сельского хозяйства позволяет анализировать изменения в аграрном секторе.

В статье на основе архивных данных исследуются организация выставок казахских лошадей в Российской империи, их влияние на экономику, социальные и культурные связи, а также на технологическое развитие. Выставки проводились для демонстрации достижений в коневодстве, популяризации новых методов и обмена опытом. Эти мероприятия организовывались в крупных городах, таких как Москва и Санкт-Петербург, а также в других регионах, способствуя укреплению связей между различными частями империи.

Традиционные навыки казахов в разведении лошадей способствовали селекции, улучшению пород и сохранению численности поголовья. Экономическая значимость коневодства заключалась в его использовании в сельском хозяйстве, транспорте и кавалерии.

Меценаты, поддерживавшие выставки, способствовали развитию аграрного сектора и укреплению экономики. Разведение племенных лошадей повышало продуктивность и расширяло торговые возможности. Их вклад не ограничивался только благотворительностью, но и имел стратегическое значение. Поддержка коневодства усиливала аграрный сектор, который был основой экономики Российской империи. Выставки лошадей демонстрировали взаимосвязь хозяйства и культуры, а также определили экономическую и культурную роль коневодства.

Ключевые слова: история Казахстана, благотворительность, меценатство, выставка, коневодство

Благодарность: научная статья выполнена в рамках научного проекта AP19676432 «Религиозные традиции и благотворительность в казахском обществе (XIX-начало XX века)», финансируемого Министерством науки и высшего образования РК.

Kushenova G.I.¹, Zhapekova G. K.²

¹ L.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Candidate Historical Science, Associate Professor
E-mail: jamal-i@mail.ru

² L.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
Candidate Historical Science, Associate Professor
E-mail: gulfairusk@mail.ru

CHARITABLE ACTIVITY: EXHIBITION OF KAZAKH HORSES (late 19th century)

Abstract

The domestication of horses had a significant impact on the development of nomadic culture and played a crucial role in the formation of civilizations. Horses were used in agriculture, transportation, and military activities, expanding economic and social opportunities. The history of horse breeding in Kazakhstan holds a special place and remains an important part of agriculture to this day.

The relevance and significance of researching this topic lie in understanding the role of patronage and charitable activities in society, the economic importance of horse breeding, as well as the cultural and trade relations between Kazakhstan and Russia. Furthermore, studying horse breeding and the development of agriculture allows for an analysis of changes in the agricultural sector.

Based on archival data, the article explores the organization of exhibitions of Kazakh horses in the Russian Empire and their impact on the economy, social and cultural relations, as well as technological development. The exhibitions were organized to showcase achievements in horse breeding, promote new methods, and facilitate the exchange of experiences. These events were held in large cities such as Moscow and St. Petersburg, as well as other regions, contributing to strengthening the ties between different parts of the empire.

The traditional skills of Kazakhs in horse breeding, such as breed selection, improvement, and herd preservation, helped to advance the industry. The economic significance of horse breeding was evident in its use in agriculture, transportation, and cavalry.

The patrons who supported the exhibitions contributed to the development of the agricultural sector and the strengthening of the economy. The breeding of thoroughbred horses increased productivity and expanded trade opportunities. Their contribution went beyond mere charity and had strategic importance. Supporting horse breeding strengthened the agricultural sector, which was the foundation of the Russian Empire's economy. Horse exhibitions demonstrated the interconnection between agriculture and culture, highlighting the economic and cultural role of horse breeding.

Keywords: The history of Kazakhstan, philanthropy, patronage, exhibitions, and horse breeding.

Acknowledgment: *the scientific article was carried out within the framework of the scientific project AP19676432 "Religious traditions and charity in Kazakh society (XIX-early XX century)", funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.*

Кіріспе. Көшпелі қазақ халқының мәдениеті мен өмір салтының маңызды аспектілерінің бірі – жылқы, ол тек тұрмыстық қажеттілік қана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының мәдени және әлеуметтік құрылымын айқындайтын басты құндылық болып табылады. Ресей, Орта Азия және Үндістан базарларында қыпшақ жылқыларының жоғары бағалануы, ең алдымен, қазақ жылқы-ларының төзімділігі мен дағдыларына, экстремалды ауа-райы жағдайларына, аштық пен сусыз-дыққа қарсы тұра алатын қасиеттеріне байланысты болды. Бұл аспект қазақтың жылқы шаруа-шылығының ерекшелігін және оның халықаралық нарықтардағы маңыздылығын көрсетті.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарындағы капиталистік құрылымдардың Ресей империясына терең енуі, сонымен қатар басыбайлылық институтының жойылуы қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылық жүйесіне терең өзгерістер әкелді. Дәстүрлі көшпелі шаруашылық жүйесі мен

басқару институттары жаңа экономикалық және саяси шарттарға бейімделуге мәжбүр болды. Осы уақыттағы Ресей империясының ішкі және сыртқы саяси-экономикалық қиыншылықтары, сонымен қатар капиталистік өндіріс тәсілдерінің кеңеюі қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін күрделендіріп, қазақ жерінің толық отарлануына ықпал етті.

Осы кезеңде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында түрлі экономикалық қоғамдар құрылып, қосалқы табыс көздері ретінде ауыл шаруашылығы көрмелері ұйымдастырылды. Бұл көрмелер тек ауыл шаруашылығын дамыту ғана емес, сонымен қатар жаңа экономикалық саяси реформа кезінде қоғамды біріктіру мен қайырымдылық жасау мақсатын да көздеді.

Алайда, уақыт өте келе, бұл көрмелердің көпшілігі қайырымдылық көрсету мақсатын ғана емес, сонымен қатар Ресей империясының саяси ықпалын күшейту мен идеологиялық көзқарас-тарды насихаттауды мақсат ететін алаңдарға айналды. Мысалы, көрмелерде империяның саяси-экономикалық жүйесінің жетістіктері мен Ресейдің аграрлық реформаларын насихаттау ерекше орын алды.

Осыған байланысты, зерттеудің мақсаты XIX ғасырда Ресей империясында жылқы шаруашы-лығының дамуы мен қазақ жылқыларының көрмелер арқылы насихатталуының тарихи үрдіс-терін, сонымен қатар қайырымдылық қызметтердің осы үрдіске әсерін зерттеу болып табылады. Бұл зерттеу арқылы қазақ жылқыларының Ресей империясының экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі рөлін анықтау, сондай-ақ жылқы шаруашылығының дамуына байланысты мемлекеттік саясаттың ерекшеліктерін талдау көзделеді.

Зерттеудің мақсатына жету үшін мынадай міндеттер алға қойылады: 1) қазақ жылқыларының көрмелері туралы архивтік деректерді жинақтау және талдау; 2) XIX ғасырда Ресей империясында жылқы шаруашылығының дамуына әсер еткен тарихи, экономикалық және әлеуметтік фактор-ларды қарастыру; 3) қазақ жылқыларының Ресей империясының экономикасындағы маңызды-лығын, олардың сауда, әскери және ауыл шаруашылық салаларындағы қолданылуын зерттеу; 4) қайырымдылық немесе инвестициялық қызметтердің жылқы шаруашылығының дамуына ықпалын талдау.

Зерттеудің жаңашылдығы – біріншіден, зерттеу жұмысы қазақ жылқыларының көрмелеріне арналған алғашқы жүйелі зерттеулердің бірі болып табылады. Ол қазақ жылқыларының Ресей империясындағы рөлін және олардың көрмелер арқылы насихатталуын кешенді түрде қарасты-рады. Екіншіден, зерттеуде қайырымдылық пен инвестициялық қызметтердің жылқы шаруашы-лығының дамуына ықпалы алғаш рет архивтік деректер негізінде талданды. Үшіншіден, зерттеуде жылқы шаруашылығының дамуына әсер еткен тарихи, экономикалық, әлеуметтік және мәдени факторлар кешенді қарастырылады.

Сонымен қатар, авторлар қазақ жылқыларының көрмелерінің тек ауыл шаруашылығын дамыту құралы ғана емес, сонымен қатар Ресей империясының саяси және экономикалық құры-лымдарына ықпал еткен маңызды фактор екенін көрсетуге тырысады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының билік органдары ұйымдастырған қазақ жылқыларының көрмелері жөніндегі ғылыми зерттеулер әлі жеткіліксіз. Яғни, бұл тақырып отандық тарих ғылымы зерттеулерінде толықтай қарастырылмаған.

Зерттеу қазақ жылқысы тұқымының көрмесіне арналғанымен, ол барлық Қазақстан аумағын қамтымайды, өйткені, материалдардың жетіспеушілігі зерттеу аясын шектейді. Осыған байла-нысты зерттеу барысында Ресей империясымен шектесетін немесе оған жақын аймақтар қарасты-рылады. Зерттеу дереккөздері ретінде архивтік құжаттар, сирек кездесетін кітаптар мен шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми диссертациялары, монографиялары және ғылыми мақала-лары да зерттеудің негізін қалыптастырады.

Зерттеуде қолданылған негізгі дереккөздерінің бірі – Ресей Федерациясының Орынбор қала-сында орналасқан «Орынбор облыстық бірлескен мемлекеттік архиві» Мемлекеттік бюджеттік мекемесінің № 10 қорында сақталған № 27 істегі «О проведении выставок киргизских и калмыц-ких лошадей» [1] атты құжат басты дерек ретінде қолданылады.

Тақырып аясында АҚШ-ның Мичиган университетінде 2019 ж. қорғалған Син МакДаниэль-дің (Sean McDaniel) «Equine empire: horses and power on the kazakh steppe, 1880s-1920s.» атты PhD диссертациясын атап өтуге болады. Осы зерттеуінде автор Ресейдің ат баптау саласындағы жоғары беделін, әсіресе Әлемдік көрмелерден кейін халықаралық деңгейде танылғанын атап өтеді. Осыған байланысты, 1873 жылы Ұлыбританияның Лордтар палатасында жылқы тасымал-дау саласының маманы Генри Ричард Филлипс (Henry Richard Phillips): «Барлығымызға Ресейге ат іздеп баруға тура келеді, себебі менің ойымша, бұл жақсы аттар бар Еуропадағы жалғыз ел» [2, 106-107 бб.] дегенінен үзінді келтіреді. Сонымен қатар, орыс зерттеушісі Д.А. Мельникованың «Деятельность центральных органов власти и общественных организаций по развитию коневодства Российской империи во второй четверти XIX – начале XX в.» [3], Е.Н. Самойлованың «Коневодческое хозяйство Курской губернии во второй четверти XIX - начале XX вв.» [4] атты ғылыми диссертацияларын атап өтуге болады. Аталмыш ғылыми диссертациялар Ресейде қорғалған.

Ал отандық ғылымда жылқы көрмелері туралы іргелі еңбектер жоқтың қасы. Тек жылқы шаруашылығына қатысты ғылыми жарияланымдарды атап өтуге болады. Соның ішінде жылқы малының шығу тарихынан бастап ерекшеліктеріне, тұқымдарына тағы басқа маңызды мағлұмат-тар ұсынатын қазақ зерттеушілердің арасында А.Тоқтабайдың шетелдік архивтер негізінде дайындалған «Қазақ жылқысының тарихы» [5] атты монографиясын ерекше атап өтуге болады. Сондай-ақ Ж.О. Артықбаевтың «Жылқы шаруашылығының пайда болуы және оның тарихтағы рөлі (Сарыарқа материалдары негізінде)» [6] атты мақаласы да зерттеу жұмысының теориялық негізін қалыптастыруда үлес қосқан еңбектердің бірі болып табылады. Ал қазақ жылқысының сыртқы саудадағы ролі мен маңызы тақырыптары бойынша отандық зерттеуші А.Т. Жанисовтың «Внешнеторговые контакты казахов среднего жуза в XVIII-XIX вв.: поставка лошадей в приграничные торговые пункты» [7], А. Тоқтабай мен А.Нугуманованың «Problems of Kazakh Horse Breeding in the Works of Researchers of the Russian Empire» [8] сынды тағы бірқатар еңбектерді атап өтуге болады.

Сонымен, тақырыптың мазмұнын ашу үшін тарихилық және объективтілік принциптерін негізге ала отырып, келесі пәнаралық әдістер кешені пайдаланылды:

1) тарихи-деректемелік әдіс зерттеу тақырыбының тарихилығын және деректердің нақтылығын анықтауға бағытталған. Бұл әдіс XIX ғасырдың соңындағы қазақ жылқыларының көрмелері туралы архивтік құжаттар, қайырымдылық шаралары және өзге тарихи мәліметтерді жинақтауда қолданылды. Аталмыш әдіс арқылы өткен оқиғалар мен үдерістердің хронологиялық шегі мен мәні қарастырылып, оқиғалардың уақыт пен кеңістік тұрғысынан дамуы зерттелді. Сонымен қатар, қазақ жылқы шаруашылығының дамуы, көрмелердің ұйымдастырылуы және олардың қоғамдағы орны туралы ақпараттар дәлелдермен негізделіп талданды.

2) салыстырмалы талдау әдісі қазақ жылқыларын салыстырмалы зерделеуде, көрмелердің ұйымдастырылуы мен оның әсерін зерттеуде қолданылды. Мәселен, қазақ жылқы көрмелері мен Ресейдің ішкі губернияларында өткен көрмелердің мақсаты, мазмұны және ұйымдастырылуы мен жылқылардың сапалық көрсеткіші, құны, ережесі т.б. өз ерекшеліктері болды. Сөйтіп, бұл әдіс Қазақстан мен Ресей империясындағы жылқы шаруашылығының ортақ және өзгеше тұстарын айқындап, олардың өзара ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді;

3) әлеуметтік талдау әдісі зерттеу барысында көрмелердің қоғамдағы ролін, соның ішінде қазақ халқының әлеуметтік құрылымындағы және мәдениетіндегі орны мен маңызын зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы қайырымдылық қызметінің қоғамдағы әсері мен мәнін түсінуге болады;

4) Статистикалық әдіс зерттеу барысында жылқы шаруашылығы мен көрмелердің экономикалық және әлеуметтік әсерін сандық тұрғыда бағалауға бағытталған. Бұл әдіс жылқы шаруашылығының даму динамикасын, көрмелердің ұйымдастырылуы мен олардың экономикалық және әлеуметтік нәтижелерін нақты көрсететін статистикалық мәліметтерді жинақтауға мүмкіндік береді. Мәселен, көрмелерде ұсынылған жылқылардың саны, сапасы, сауда айналымы, өндірістік шығындар, сондай-ақ жұмсалған қаржылық ресурстар

статистикалық талдау арқылы анықталады. Бұл деректер экономикалық және әлеуметтік процестердің оң немесе теріс нәтижелерін бағалауға көмектеседі;

5) Мәдени-антропологиялық әдіс зерттеу барысында қазақ халқының жылқымен байланысты мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін, сондай-ақ ат баптаудағы тарихи және әлеуметтік аспекті-лерін тереңінен зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс, негізінен, халықтың ұлттық дүниетанымын түсіну үшін маңызды. Өйткені, қазақ қоғамында жылқы тек мал ретінде ғана емес, сонымен қатар адамның әлеуметтік мәртебесін, мәдениетінің бір бөлігі, тіпті күнделікті өмірдің маңызды аспектісі ретінде қарастырылған.

Талқылау. Ежелгі дәуірден бастап қайырымдылық іс-әрекеттері кең таралған және түрлі мәдениеттерде орын алған. XIX ғасырда да қайырымдылық тәжірибесі әлемнің көптеген елдерінде кеңінен танымал болды. Қайырымдылықтың түрлері көбінесе діни және ағарту салаларында жүзеге асырылды. Діни дәстүрлер мен мәдениеттерде, мәселен, ислам, православие және католик христиандықтары, протестантизм, иудаизм, буддизм және конфуцианизмде мұқтаж адамдарға көмек көрсету және қайырымды істер жасау маңызды құндылық ретінде насихатталды. Ал білім саласындағы қайырымдылық шаралары меценаттардың ақпарат құралдарын қолдауы, білім беру мекемелерін ашу, оқу ақысын төлеу сияқты көптеген игі бастамалар арқылы жүзеге асырылды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ірі кәсіпкерлердің қайырымдылық шараларына деген көзқарастары өзгерді. Бұл кезеңде діни себептер емес, әлеуметтік-экономикалық мәселелер басты орынға шықты. Ірі кәсіпкерлер қайырымдылықты өз беделін көтеру немесе өзгелерден ерекшелену мүмкіндігі ретінде көрді. Әрине, бұл қызметтің экономикалық пайдасы да ойластырылды. Мәселен, Ұлыбританияда XIX ғасырдың алғашқы жиырма жылдығында эконо-микалық трансформация байқалады. Соған сәйкес барлық қоғамдық қызметтерде қозғалыс-тардың қарқыны арта түседі. Саяси, экономикалық және мемлекеттік институттар қайырымды-лық қызметтерін бақылауға алып, заңнамалық реформаларда көтереді. Бұл, бір жағынан, әлеуметтік шиеленістер мен қайырымдылық қорын теріс пайдаланудан қорғану үшін жасалды. Осыдан кейін қайырымдылық ұйымдарының қызметін қадағалайтын ұлттық комиссия құрылды. Қайырымдылық ұйымдары бұрынғыдан ұқыптылықпен және ауқымды түрде жұмыс істей бастады. Сөйтіп, XIX ғасырдың соңында тұрақты қайырымдылық комиссиясы мен қайырымды-лық қызметі бойынша есеп беру жүйесі қалыптасқан [9, 724 б.] еді.

Осы тұста кейбір зерттеулерде Ұлыбританияда инвестицияның қайырымдылық шарасы ретінде қарастырылғаны айтылады. Бірақ мұнда тек инвестиция салу тұлғаның «меценат» ретінде беделін арттыру үшін жеткіліксіз болды. Қайырымдылыққа бөлінетін инвестиция көбіне кәсіпкердің немесе қалталы тұлғаның жеке қызығушылығынан туындады, сондай-ақ мемлекеттің де ықпалы болды. Олар бұл қызмет арқылы беделін көтеруді ғана емес, сонымен бірге табыс табуды да көздеген еді.

Сонымен қатар, өсиетнама бойынша берілген қаржы, құнды қағаздар және мал-мүліктер де қайырымдылыққа жатқызылды. Бірақ, бұл әрекеттер меценаттың әлеуметтік мәртебесін өмір бойы қамтамасыз ете алмады. Сондықтан, жаңа замандағы қаржыландырылатын қайырымдылық қызметі маңызды болды. Ол меценат ретінде танылуға ұмтылысты қанағаттандырды, әрі тиімді табысы бар инвестиция салуға мүмкіндік берді [10, 264 б.]. Сол сияқты Германияда да, басқа еуропалық отарлаушы мемлекеттер сияқты, қайырымдылық шаралары ғасырлар бойы жүзеге асырылды. Ал XIX ғасырдағы индустрияландырудың қарқыны, материалдық игіліктер мен әлеуметтік мәселелер бұл процесті күшейтті. Тұлғалық қайырымдылық ісі әлеуметтік мәселелер-мен күресуде маңызды рөл атқарды. Дегенмен, XX ғасырдың басында мемлекеттің рөлі арта түсті.

Бұл кезеңде Ресей империясының экономикалық реформаларында батыс елдерінің ықпалы айқын байқалды. Қайырымдылық шаралары тек игі істер жасау мақсатында емес, сонымен қатар инвестиция салып, пайда табуды көздеуі байқалды. Бірақ капиталистік қатынастың тереңдеуі, индустрияландырудың қарқыны және басыбайлылықтың жойылуы материалдық

игіліктермен қатар әлеуметтік шиеленістерді күшейтті. Осы уақытта Ресейдің отарлаушы әкімшілігі Қазақстанда мықтап орнықты.

Ресей империясында нарықтық қатынастардың тереңдеп енуі кәсіпкерлік үрдістерге қолайлы жағдай жасады. Осы өтпелі кезеңде қазақ қоғамының кейбір өкілдері жаңа шаруашылық әдістерін қолдана отырып, әл-ауқатын жақсартуға ұмтылды. Бұл өз кезегінде қоғам мүшелерінің дербестігін арттырып, жаңа бейімділіктердің дамуына ықпал етті. Мысалы, солтүстік Қазақстанда американдық, неміс және ағылшын фирмалары жергілікті саудагерлермен тиімді сауда байланыстарын орнатып, Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі өнеркәсіпшілермен ынтымақтасып жұмыс істеді. Өлкедегі кәсіпкерліктің, сауданың және капиталистік қатынастардың дамуымен бірге қазақ қоғамында қайырымдылық қызметі кең тарала бастағанын атап өтуге болады.

Сонымен, зерттеушілер қайырымдылық істерін бірнеше топқа бөліп көрсетеді: 1) діни көзқарастарға негізделген қайырымдылық, яғни күнәдан құтылу мақсатында жасалатын іс-шаралар; 2) жеке тұлғаның моральдық принциптеріне сәйкес жасалатын қайырымдылық; 3) әлеуметтік қайырымдылық, яғни әлеуметтік мәселелер мен қайшылықтарды шешу құралы ретінде қарастырылатын іс-шаралар; 4) кәсіби негіздегі қайырымдылық, кәсіпкердің өз қаражатын жоғары білікті мамандарды даярлауға жұмсауы; 5) қайырымдылық жасаушының жеке өмірінің мән-жайларымен байланысты жеке уәждер; 6) қайырымдылық жасаушының мемлекет-тен немесе қоғамнан сыйақы алу ниеті; 7) таптық ынтымақтастық мотиві, яғни қайырымдылық жасаушының өз әлеуметтік тобындағы адамдарға көмек көрсетуі. [11, 490 б.]

Осы тұста Ресей империясындағы ұйымдастырылған жылқы көрмелерін инвестиция салу арқылы «қайырымдылық шарасын жүзеге асыру» деп қарастыруға болады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы индустрияландыру қарқынды дамыса да, Ресей империясында халықтың күнделікті өмірін жылқысыз елестету мүмкін емес еді. Жылқы тек тұрмыста ғана емес, жүктерді тасымалдау, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, әскер сияқты салаларда кеңінен пайдаланылды. XX ғасырдың басында империя әскерінің негізгі күшін атты әскері құрағанын атап өткен жөн.

Шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын жылқылар асыл тұқымды түрлерге жатпады және оларды бағып-өсіру қарапайым шарттарда, арнайы күтімсіз жүргізілді. Ал асыл тұқымды жылқыларды өсіру арнайы күтімді және біліктілікті қажет етті. Мұндай жылқыларды тек мемлекет қарамағындағы немесе жеке тұлғалардың жекеменшік жылқы зауыттарында өсіруге болатын. Асыл тұқымды жылқы өсірушілер арасында негізінен дворяндар басым болды. Зерттеу-лер олардың жылқы өсіруді сүйікті іс-әрекет ғана емес, табыс көзі ретінде де қарастырғанын көрсетеді.

Сөйтіп, XIX ғасырдың соңында жылқы саны бойынша Ресей еуропалық елдер арасында бірінші орын алды. 1882 жылғы статистикаға сәйкес, Ресейде 21 065 000 бас жылқы болды [12, 43 б.]. Бұл кезеңнің ауыл шаруашылығы саласының дамуында маңызды көрсеткіш болды. Зерттеуші Син МакДаниэльдің пайымдауынша, XIX ғасырдың басында императорлық Ресей үкіметі мемлекеттік жылқы шаруашылықтарының санын арттыруға бағытталған бірнеше бастамаларды қаржыландырған. Осылайша, XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейдегі мемлекеттік жылқы шаруашылықтарының саны шамамен 100-ден 900-ге дейін өскен [2, 107]. Автор қазақ даласының, әсіресе жылқы өсірудің нағыз ортасы ретінде ғасырлар бойы танымал болғанын және қазақтар бұл салада тарихи тұрғыда үлкен жетістіктерге жеткенін атап өтеді. Ол еңбегінде зерттеуші Кароль Ферренің «2009 жылға дейін Орталық Азияның аттарын Ресейдің пайдалануына арналған арнайы зерттеу жүргізілмеген» дегенінен үзінді келтіреді [2, 108].

Сонымен, Ресей империясының жылқыға сұранысын тек ішкі губерниялардағы жылқы зауыттары қамтамасыз ете алмады. Бұл қажеттілік көршілес елдерден, соның ішінде Қазақстаннан сатып алынған жылқылармен толықтырылды. Сөйтіп, Ресей мен Қазақстан арасындағы сауданың маңызды бөлігін жылқы малы құрады. Мәселен, кейбір зерттеушілер XIX ғ. Семей қаласындағы сауданың дамуын оның географиялық орналасуына, яғни Батыс Қытай, Орталық Азия және Ресей губернияларымен шектесіп жатқанына байланыстырады.

Осы кезде Семей базарындағы жақсы жылқының құны 15-20 рубль болған [13, 68 б.] еді. Атақты саяхатшы Аткинсон Семей арқылы өткен сапарында сатуға 300 жылқы, 7000 бұқа, 20 000 қой айдаған малшыны кездестіргенін және малдың жалпы құны шамамен 100 000 рубль болғанын жазған [13, 70 б.] болатын.

Жылқы ерекше бағалы тауар болғандықтан, оның саудасы туралы мәліметтер арнайы жазбаларда сақталды және реттелді. Орыс кеден бекеттерінде жылқы сатып алу-сату жазбалары бойынша арнайы іс жүргізілді. Бұл жазбалар «жылқы кітабы» немесе «жылқы жазбалар кітабы» деп аталған. Ең көне жазбалардың бірі XVII ғасырға жатады. Ол Швециядағы Стокгольм архивінде сақтаулы [14, 7 б.]. Сонымен қатар, Орынбор губерниясының кедендерінде де осындай жазбалар жүргізілді. Бұл жазбалар Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамуына үлкен әсер етті.

XVII ғасырдағы «жылқы жазбалар кітабы» жылқы саудасының тек жеке саудагерлер арасында ғана емес, мемлекеттік деңгейде де бақылауда болғанын көрсетеді. Бұл сауда экономика үшін маңызды болғандықтан, оны бақылау және реттеу қажет болды. Бұл шаралар Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық ынтымақтастықты күшейтіп, сауданы кеңейтуге мүмкіндік берді. Кеден бекеттері мен арнайы жазбалар сауда үрдістерінің заңды және ұйымдасқан түрде өтуін қамтамасыз етті.

Зерттеушілер Ресейдегі жылқы тұқымдары туралы алғашқы деректерді Иван Грозный кезеңі-не жатқызады. XVIII ғасырдың соңына қарай жылқы шаруашылығы коммерциялық бағытқа көшіп, қосалқы шаруашылықтан пайда табу көзіне айнала бастады. XIX ғасырдың басында Ресей-де, әсіресе Мәскеуде, жергілікті жылқы аукциондары жиі өткізіліп, бұл іс-шараларды ұйымдас-тыратын жартылай тұрақты мекеме құрылды. XVIII ғасырдың ортасынан бастап жылқы шаруа-шылығына арналған алғашқы көрмелер ұйымдастырылды. 1866 жылы ресейлік жылқылардың алғашқы бүкілресейлік көрмесін өткізуге әрекет жасалды. Ал 1898 жылы Мәскеу ауыл шаруа-шылығы қоғамы Мәскеуде Бүкілресейлік аукциондық көрме өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл көрме империяның барлық жылқы өсіру орталықтары үшін үлгі ретінде қарастырылды.

Осылайша, Ресей империясында жылқы шаруашылығы мен көрмелерінің дамуы айтарлықтай ілгеріледі. Ал енді, бұл үрдіс қазақ жерінде қалай жүзеге асқанына назар аударатын болсақ, бұл тақырып әлі толық зерттелмеген, сондықтан оған қатысты нақты тірек еңбектерді көрсету қиын. Дегенмен, жоғарыда аталған зерттеулер мен архив құжаттары негізінде Ресей империясы кезеңіндегі қазақ жылқыларының көрмесі туралы мәліметтерді жинақтап, тақырыптың мазмұнын мүмкіндігінше толық ашуға тырысамыз.

Бұл тұрғыда, И.К. Мердердің 1878 жылы Санкт-Петербургте жариялаған еңбегі ерекше мәнге ие. Ресей империясындағы жеке жылқы зауыттарының тізімін келтіре отырып, ол 44 губерния бойынша 3430 жылқы зауытында 9560 айғыр мен 92791 бие болғанын көрсетеді. Дегенмен, бұл зерттеуде қазақ даласы толық қамтылмағанымен, И.К. Мердер 8 губернияның ішінде қазақ жеріне жататын Орынбор губерниясын атап өтеді [15, IV]. Сонымен қатар, И.К. Мердер осы өңірлердегі ең танымал жылқы зауыттары мен жылқы тұқымдарын, сондай-ақ олардың сату орындары туралы да маңызды мәліметтер ұсынады. Зерттеуші А.Тоқтабай да бұл аймақтағы атханалар туралы ақпарат ұсына отырып, Орынбордағы жылқы шаруашылығынан хабар береді.

Бұл зерттеулерді әрі қарай дамыта отырып, А.Шахназарова өзінің еңбегінде империяның қол астына қараған «орыс Түркістанында кездесетін жылқылардың барлығы қырғыз тұқымынан шыққанына күмән жоқ» деп, сол кезеңдегі қазақ жеріндегі жылқылардың өзгерген құрылымын сипаттайды [16, 105 б.].

Автор атап өткендей, егер орыстар өлкені жаулап алғанға дейін Түркістандағы қазақ жылқылары Арабия мен Иранда өсірілген тұқымдармен будандастырылса, империялық билік орнағаннан кейін Ресей, Сібір және Батыс Еуропа жылқыларының будандарымен жаңа жылқы түрлері пайда болды.

Сондай-ақ аталмыш автордың пікірінше, жылқы базарларында әртүрлі жерлерден әкелінген көптеген жылқы түрлерін кездестіруге болатын. Аймақта әртүрлі жыныстардан

алынған метистер ғана емес, сонымен қатар будандар да кездесетін еді. Мәселен, Әулиеата, Сайрам, Ұра-төбе, Қоқан, Қашғар, Бұхара сияқты кейбір жерлердің жылқыларының өздеріне тән ерекшеліктері болатын [16, 105 б.].

Аймақтағы жылқы шаруашылығының дамуындағы маңызды үрдістер өз кезегінде, қазақ жылқы тұқымын жақсарту мен мал шаруашылығын дамытуға бағытталған зерттеулердің пайда болуына әсер етті. Мәселен, Сұлтан Жантөриннің «Очерки киргизскаго коневодства» [17] атты мақаласында Торғай, Орал және Ішкі Бөкей Ордасы туралы құнды ақпараттар берілген. Автор қазақ жылқы тұқымын жақсарту жолдарын және көшпелілердің малдарының қырылуының алдын-алу шаралары туралы Мемлекеттік жылқы зауыты бас басқармасына сұраныс жасағанын айтады. Мұнда ол өзіне жақсы таныс Торғай, Орал және Ішкі Бөкей Ордасы аймақтарын ғана қарастырған.

Мал шаруашылығын дамыту және жерді тиімді пайдалану мәселелері туралы тағы бір маңызды дерек көзі ретінде 1913 жылы Қоныс аудару басқармасының жариялаған «Земли для коневодства и скотоводства в Азиатской России. Справочная книга для лицъ, желающих арендовать скотоводческіе казенные участки въ степныхъ областяхъ, Туркестанском краѣ и въ Сибири» атты анықтамалық кітапты айтуға болады [18]. Еңбекте Ресейдің қазақ даласындағы мал шаруашылығы мен жалдамалы жерлерді реттеуге қатысты құнды мәліметтер ұсынылады. Торғай, Ақмола, Семей, Түркістан аймақтары мен Жетісу және Сырдария облыстарындағы мал шаруашылығының даму жағдайы мен жер өңдеу, жем-шөп дайындау мәселелері жан-жақты қарастырылады.

Бұл тұста, қазақ даласы – жылқының отаны екенін, қазақ жылқысының төзімділігі мен оның қазақ халқының өміріндегі маңызды орны туралы зерттеушілердің пікірі түйседі [5; 6]. А.Тоқтабай-дың зерттеуінде орыс басылымдарындағы әскерилердің еңбектеріне назар аударылып, қазақ жылқыларының ерекше қасиеттері мен ұзақ жолға шыдамдылығы туралы мәліметтер келтіріледі. Осының дәлелі ретінде зерттеуші Р.Темиргалиев Хиуа хандығына барған орыс елшісі Николай Муравьевтың «қырғыз (қазақ) жылқылары ұзақ жолға жарамды, аштық пен ыстыққа төзімді және олар Кят қаласына көп мөлшерде айдалады» деп жазғанын келтірген [19, 16 б.] болатын.

Осыдан кейін зерттеушілер қазақ жылқыларының сыртқы саудада ерекше орын алғанын көрсетеді. Яғни зерттеуші А.Т. Жанисов қыпшақ жылқыларының Үндістанға дейін жетіп, жоғары бағаға сатылғанын айтады. Сонымен қатар, автор, XVI ғасырда Иван Грозный көпестер Строгонов-тарға берген грамотасында қазақ ордасының адамдарына жылқыларды бажсыз жеткізуді бұйырғанын жазады. Сондай-ақ кейінірек, Ресей империясының қол астында башқұрт пен қалмақ жылқы-лары болғанымен, қазақтың далалық жылқыларының ерекше бағаланғанын жазады [7, 123 б.].

Қазақ жылқыларының жоғары бағалануы, әсіресе, Ресей империясының шекаралас аймақтарында байқалған. Мәселен, Астрахан, Орынбор және Сібір казактары өз армияларында қазақ жылқыларын қолданған. Орал казактарының армиясында жылқылардың санының көп болуы олардың өздері қазақ жылқыларын өсірумен және табынмен айналысқанына байланыстырылады [7, 123 б.]. 1864 жылы Сібір казактарында қазақ жылқыларынан 3 178 айғыр, 22 826 бие болған делінеді [8, 604-605 бб.].

Бұл кезеңде қазақ жылқыларының құндылығы мен сұранысының артуы, әсіресе, орыс империясының әскери және экономикалық қажеттіліктерімен байланысты болды. Осы тұрғыда А.Тоқтабай өз еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысында «егіншіліктің, өнеркәсіп пен сауданың және армияға жарамды жылқылардың қажеттілігінен, қазақи тұқымдарды асылдандыру жолдары қарастырылғанын» атап өтеді [5, 149 б.].

Аталмыш қажеттіліктерге жауап ретінде XIX ғасырдың соңына қарай Ақтөбе, Қостанай және Орынбор атханаларында қазақ жылқыларын асылдандыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілген. Мәселен, 1886-1894 жылдар аралығында Ақтөбе уезінің Торғай атханасында 166 желгіш тұқымды айғырлар мен 5518 қазақи тұқымды биелер, 1888-1894 жылдар аралығында Қостанай атханасында 274 айғыр мен 7507 қазақи биелер шағылыстырылған. Алайда, Орынбор атханасының қағаз жүзінде ғана жұмыс жасағаны туралы деректер бар. Сонымен бірге, аса

нәтижелі көрсеткішке қол жетпегендіктен, Мемлекеттік жылқы зауыттары басқармасы ішкі Ресейден жылқылар әкеліп, кейбір байларға таратып бергені туралы айтылады [5, 149 б.].

Зерттеуші Д.А. Мельникова XIX ғасырдың ортасында Ресей империясында жылқы шаруашылығын реттеу үшін арнайы ведомство құрылғанын айтқан. Өйткені, сол уақытта ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, пошта қызметі, жолаушыларды тасымалдау, атты әскер мен артиллерия сияқты жұмыстарда жылқылар маңызды рөл атқарды. Алайда, Орталық Азиядағы жағдайды зерттеу шеңберінен тыс қалдырған [3, 5 б.]. Ал өзге бір зерттеуінде XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы аралықты «қарқынды көрме кезеңі» ретінде сипаттап, бүкілресейлік ат көрмелерін ұйымдастырудың экономика үшін маңызды екенін айтады [20, 1584 б.]. Сонымен қатар сол жылдардағы реформадан кейін агрономиялық көрмелердің көбейіп, Мемлекеттік мүлік министрлігі оларды қаржыландырып, үздік экспонаттарға сыйлықтар мен медальдар бергенін және жылқылардың бір бөлігінің аукционда сатылғанын атап өтеді [20, 1584 б.]. Ал Е.Н.Самойлова Ресейдегі бұл шаралардың екі міндет атқарғанын пайымдайды: бірі – мәдени демалыс мақсатты, екіншісі – губерниядағы жылқылардың сапасын арттыруды көздеген [4, 26 б.] еді.

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласы Ресей империясының толыққанды отарына айналды. Империялық әкімшілік асыл тұқымды жылқы өсіру үшін арнайы мемлекеттік заңнамалар енгізді. Осы тұрғыда Қоныс аудару басқармасының анықтамалық кітабында маңызды ақпараттар келтірілді. Мәселен, Қоныс аудару басқармасының дайындаған анықтамалық кітабы бойынша Торғайдағы мемлекеттік жылқы зауыты ерекше назар аударарды. Зауыт Ор қаласынан бес верст қашықтықта орналасқан (1 верст = 1,0668 км). Штат бойынша ол жерде 500 айғыр қарастырылған болатын. Алайда іс жүзінде 456 айғыр болды, олардың 400-і қазақ жылқысының тұқымынан болған. Ал 56-сы қолмен будандастыру (жартылай аралас қанды) үшін бағып қаралды. Қазақ жылқыларының айғырлары қазақ-қырғыз табындарын қамтамасыз ету үшін пайдаланылды, ал будандастыру үшін алынған айғырлар түрлі жылқы зауыттарынан әкелінді. Жылқы зауыттарында немесе казак, орыс қоныс аударушыларының мекендерінде әрбір будандастырудың құны – 1 рубль 5 копейка болып бағаланды. Қазақ жылқысының үйірдегі айғырлары Қостанайдың мемлекеттік жылқы өсіретін зауытына қарасты Қостанай тұрағынан осында жіберілетін, ал қолмен жұптастыруға арналған айғырлар болса мемлекеттік әртүрлі жылқы зауыттарынан әкелінетін [16, 50-51 бб.].

Сондай-ақ 1913 жылы жарияланған Қоныс аудару басқармасының анықтамалық кітабында Қостанайдағы мемлекеттік жылқы зауыты туралы құнды мәліметтер келтірілген. Мұнда тек жылқылардың саны мен түрі ғана емес, оларға жұмсалатын жем-шөптің көлемі мен шаруашылыққа қажетті жерлердің бөлінуі де егжей-тегжейлі баяндалған. Мәселен, зауыт Қостанай қаласынан жеті верст қашықтықта орналасқан. Оның қажеттілігі үшін 37570 десятина, соның ішінде шалғындық Тобыл бойынан 500 десятина, 5400 десятина шабындық, 800 десятина егістік, 400 десятина орманды, 7 ^{1/2} десятина диірмен үшін, 19189 ^{1/2} десятина жайылымдық, 10073 десятина үй, көл, жолдармен және 1200 десятина қолайсыз жерлер бөлінді. Бұл мәлімет осы кезеңдегі жылқы шаруашылығының ауқымдылығын көрсетеді. Сонымен қатар, осы жылқы зауытына жүргізілген тексеру барысында бірнеше маңызды деректер анықталған. Штатта 500 айғыр қарастырылғанымен, іс жүзінде қолмен жұптастыру үшін 17 айғыр (оның 2-і таза қанды ағылшын тұқымы, 15-жартылай аралас қанды) және 72 қазақ табын айғырлары болған. Бұл ақпарат қазақ жылқыларының Ресей империясы үшін маңызды рөл атқарғанын айғақтайды. Мұнан әрі, жыл сайын жылқы аукциондарында сатылатын жылқылардың бағасы да көрсетілген. Мәселен, бір жастағы жылқылар 25-27 рубль аралығында, екі жастағылар 35-38 рубль, төрт және бес жастағы 75-90 рубль арасында бағаланған [16, 54 б.].

Сонымен қатар жазба бойынша сол кезде қазақ қырғыздардың табындарында жүрген тағы 231, Орынбор казак әскерлеріне берілген 29 қазақ жылқысы түрінің айғырлары болған [16, 52-53 бб.]. Бұдан қазақ жылқыларының Орынбор казак әскерлерінің қажеттілігін қамтамасыз еткенін байқаймыз.

Жалпы алғанда, осы жылдары қазақ жылқы шаруашылығына қатысты ақпараттар өте құнды болды. Ақмола облысының анықтамасында жеке шаруашылықтар туралы да деректер берілген. Мәселен, қоныс аударып келгендердің арасында Николенко, Красюковъ, Лежинкина сияқты жеке тұлғалардың мал-мүлкімен қоса жылқы шаруашылығына, жер өңдеу әдістеріне т.б. тоқталады. Николенко асыл тұқымды жылқыларды 1909 жылдан бастап бағады. Оның жалпы 110 жылқысы болып, оның ішінде жергілікті қазақ жылқысы тұқымы – 48; ағылшын аттары – 2; дон жылқысы – 31; ағылшын араб тұзымды – 1; метис – 28 (ағылшын және дон жылқысының буданы), ал Красюковъ кәсіби жылқы өсірумен айналыспайды.

Сонымен қатар, Жетісу облысында Мемлекеттік жылқы зауыты Бас басқармасының шаралары туралы ақпарат қамтылып, Түркістан аймағындағы Сырдария облысындағы жылқы шаруашылығына қатысты жалпы шолу жасалған [16, 54 б.]. Бұл деректер қазақ жылқыларының кең аумақта қалай өсірілгені мен дамығаны туралы толық түсінік береді.

Қорыта айтқанда, қазақ жылқыларының осындай ауқымды таралуы мен дамуы халықаралық саудада да өз көрінісін тапты. Ол саудада ерекше жоғары бағаланды, себебі қазақ жылқылары жергілікті қатал табиғи шарттарға бейімделген, сондай-ақ түрлі қызмет түрлеріне жақсы қолайлы жылқылар болып саналды. Осылайша, қазақ жылқылары өзінің сапасымен халықаралық нарықта айрықша орынға ие болды.

Зерттеу нәтижелері. Ресей империясында жылқы өсіру шаруашылығы ерте кезеңдерден бастап жүзеге асырылғанымен, кәсіби деңгейде тек XIX ғасырда қолға алынды. Бұл өзгерістердің негізгі себебі, біріншіден, сол кездегі экономикада жылқыға деген жоғары сұраныстың сақталуы болды, ал екіншіден, капиталистік қатынастардың тереңдеуі мен дамуының ықпалы ерекше еді. Бұл екі фактор қазақ даласындағы жылқы шаруашылығын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етті.

XIX ғасырдың ортасына қарай империя әкімшілігі асылдандырылған жылқы тұқымдарын дамыту арқылы ауыл шаруашылығын жетілдіру мақсатында жаңа механизмдерді енгізе бастады. Бұл тұқымдарды түрлі көрмелерде және аукциондарда сату арқылы қосымша табыс көзін ашу көзделді. Осылайша, жылқы шаруашылығын жақсарту бағытында белсенді шаралар қолға алынды. Ресей империясы өзінің ішкі губернияларында жылқы өсіруді қолға алғанымен, қазақ даласындағы табиғи және бағалы жылқы тұқымдары бар аймақтарды тиімді пайдалану жоспарланды. Мәселен, Орал, Торғай және Ішкі Орда аймақтарында жылқы саны айтарлықтай көп болды. 1879 жылы бойынша статистикалық мәлімет бойынша Оралда 709057, Торғайда 868296, Ішкі Ордада 227171 бас жылқы саны болған [17, 8 б.]. Бұл көрсеткіштер қазақ даласында әлі де жылқы өсірудің маңызды және тиімді шаруашылық саласы екенін көрсетеді.

Сұлтан Жантөрин үш облыстағы әр шаңыраққа тең келетін мал санын нақтылап, Торғайда – 57,5, Оралда – 53,2, Ішкі Ордада – 35,3 бас мал бар екенін көрсетіп, қазақ шаруашылығының байлығын атап өтеді. Бұл деректер қазақ халқының ауыл шаруашылығына негізделген байлығын және мал өсірудің маңызды рөлін көрсетеді. Сонымен қатар, ол 1879 жылы Орынбор далаларында жылқы саны 1 800 000-нан асқанын айтады. Бұл көрсеткіштің өзі қазақ жеріндегі жылқы өсіру шаруашылығының қаншалықты дамығанын және оның экономикалық маңыздылығын дәлелдейді. Алайда, қазақ даласының өзге аймақтары бойынша нақты ақпарат бермегендіктен, ол 1860 жылғы Н. Бахметьева есебіне жүгінеді. Бұл есепке сәйкес, Жетісу облысында 420111 бас, Ақмола облысында 343002 бас, Семей облысында 350054 бас, Сырдария облысының Қазалы уезінде 46465 бас мал болған. Жалпы алғанда, бұл көрсеткіштер 1 159 632 бас малды құраған.

Бірақ Сұлтан Жантөрин бұл санның азайтып көрсетілгенін айтады, себебі сол кезеңде салықтың аз төленуі үшін шаруалар мал басын әдейі кемітіп айтатын. Бұл мәліметтер сол кезеңдегі салық саясатының мал шаруашылығына әсерін, сондай-ақ статистикалық мәліметтердің дәл емес екенін көрсетеді [17, 11-12 бб.].

Демек, мұндай ақпараттармен қаруланған империялық әкімшілік үшін қазақ даласы жылқы зауыттарын дамытуға ең тиімді орта ретінде қарастырылды. Әсіресе, жоғарыда аталған үш аймақтың ішінде Торғай облысы және солтүстік бөліктері жылқы шаруашылығына өте қолайлы болды. Бұл аймақтардың табиғи ерекшеліктері, климаттық жағдайлары мен

жайылымдарының молдығы жылқы өсіруге қолайлы негіз қамтамасыз етті. Жоғарыда аталған статистикалық мәліметтер мен салыстырмалы деректер бұл аймақтардың мал шаруашылығын дамыту үшін неғұрлым ыңғайлы болғанын көрсетеді. Оны төмендегі кестеден көруге болады. Кестеде жалпы мал саны 100 пайыз деп есептеліп, соның ішіндегі жылқы малының үлесі нақты пайыздық көрсеткішпен берілген:

№	Орналасуы	Уезд атауы	Жылқы саны пайызбен
1	Орал облысы		
	солтүстік	Уральский	30,7
	// -// -// -	Калмыковский	18,0
	оңтүстік	Гурьевский	9,3
	// -// -// -	Эмбенский	14,1
2	Торғай облысы		
	солтүстік	Николаевский	38,2
	// -// -// -	Илецкий	25,5
	оңтүстік	Иргизский	13,6
	// -// -// -	Тургайский	14,8

Кестедегі мағлұматтар «Очерки киргизского коневодства» атты Сұлтан Жантөренің еңбегінен алынды. [17, 10 б.]

Жалып тарихқа үңілсек, XIX ғасырдың қыркыншы жылдарына қарай Ресей империясында жылқы шаруашылығы дағдарысқа ұшыраған болатын. Өйткені, көптеген жоғары деңгейдегі жекеменшік жылқы зауыттары шығынға батып, жабылуға мәжбүр болған еді. Жеке меншік зауыттардың күйреуі шаруашылықтың әлсіреуіне алып келді. Сонымен қатар, мемлекеттік жылқы зауыттарындағы жағдай да бюрократиялық жүйенің салдарынан қиынданып, өндіріс деңгейі төмендеді. Сөйтіп, бюрократияның артықшылықтары мен тиімсіздігі, сондай-ақ зауыттардың дұрыс басқарылмауы жылқы шаруашылығын дамытудағы негізгі кедергілерге айналды. Бұл жағдайлар Ресейдегі жылқы шаруашылығының болашағына үлкен сұрақтар қойды, бірақ олардың шешімі бірден табылмады [21, 103 б.].

Осы экономикалық қиыншылықтар мен дағдарыс жағдайында, Ресей империясының тақ мұрагері Александр Николаевич (II Александр) халықтың күнделікті өмірімен танысып, олардың жағдайын жақсарту үшін түрлі көрмелер ұйымдастыруды ұйғарды. Бұл көрмелердің ұйымдас-тырылуы мемлекетке тек ауыл шаруашылығы мен өндіріс саласындағы жетістіктерді көрсету ғана емес, сонымен қатар экономиканы жандандыруға бағытталған маңызды шара болды. Тақ мұрагерінің бұл бастамасы Мемлекеттік мүлік министрлігінің назарын аударып, олар көрмелердің пайдалы нәтижелер беретінін мойындады. Осылайша, 1842 жылғы алғаш рет көрмелер өткізу үшін арнайы Ереже қабылданып, көрмелерді ұйымдастыру тәртібі белгіленді. Алайда, уақыт өте келе көрмелерді ұйымдастырудағы тәжірибе мен қажеттіліктердің өзгеруіне байланысты, 1869 жылға дейін аталған Ережеге бірнеше өзгерістер енгізіліп, ұйымдастыру ісі толығымен Мемлекеттік мүлік министрлігіне берілді [22, 340 б.]. Бұл шаралар көрмелердің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекетке ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп саласын дамытуда нақты бағыт-бағдар көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл өзгерістер отарлау процесіне терең ықпал етті. Осыған қатысты зерттеуші Син МакДаниэль: «бұл күш-жігерлер, демек, отарлау процесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды, әрі қазақтардың жылқыға деген құрметі мен онымен байланысы бұл аспектіні Ресей және Кеңес Одағының аймақтың тарихына қатысуында шешуші рөлге айналды» [2, 108] деген болатын.

Кейінгі жылдары жылқы шаруашылығын дамыту үшін көрмелердің маңызы арта түсті. Бұл үдеріс мемлекеттік жылқы зауыттарының жұмысын жақсарту мен шаруашылықтарды ынталан-дыру мақсатында ұйымдастырылды. Мәселен, 1885 жылғы 16 желтоқсандағы Мемлекеттік жылқы зауыты бас басқармасының циркулярында қазақ және қалмақ жылқыларының көрмесі өткізілетіні хабарланды. Бұл шараның аясында бірнеше аймақтарда жылқы көрмелерін өткізу жоспарланды. Құнды сыйлықтар мен медальдармен марапатталатын

бұл көрмелер қазақ жылқы-ларын насихаттау мен оларды асылдандыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Нақтырақ айтқанда, көрмелердің өтетін жаңа орындары ретінде Икицохуров ұлысының Чилгир шатқалында (Астрахан губерниясында), 5-мамырда, Ішкі Қырғыз Ордасының Хан Ордасына жақын маңдағы Ахун ауылында 15-мамырда, Оралда 5-қыркүйекте, Бутинск болысты-ғының № 5-ауылында 15-маусымда, Арал Төбе болыстығының № 1 аулында (соңғы екі жер Торғай облысы, Илецк уезіне кіреді) 18-маусымда ұйымдастырылуы жоспарланды. Көрмеде жүлделі орындарға алтын, қола медалдар және құнды сыйлықтар тапсырылып, 10 биеден кем әкелген атбегілерге асыл тұқымды айғыр берілуі көзделді [1, 30 а - 30 б].

Құнды медальдар мен жүлделердің тағайындалуы, сондай-ақ асыл тұқымды айғырлардың берілуі жылқы шаруашылығын дамытуда жаңа серпіліс жасауға мүмкіндік берді. Бұл шаралар жергілікті атбегілер мен байлардың қызығушылығын арттырып, олардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Сонымен қатар, мұндай көрмелер арқылы мемлекеттік билік өз бақылауын нығайтып, жылқы шаруашылығының дамуына қажетті жүйелі шаралар ұсынды. Бұл процестердің бәрі отарлау саясатының бір бөлігі ретінде қарастырылып, отарланған халықтың шаруашылығына әсерін тигізді.

Біздіңше, көрмелердің өткізілуі арқылы жылқы шаруашылығында тек экономикалық емес, мәдени аспектілер де алға шықты. Қазақ жылқыларының тұқымдары мен атбегілердің шеберлігі жоғары бағаланып, бұл қазақтардың мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде көрінді. Осылайша, көрмелер жылқы шаруашылығын ғана емес, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін де көрсетудің құралына айналды.

Д.А. Мельникова атап өткендей, 1885 жылдан бастап Орынбор, Торғай және Орал облыстарында қазақ және қалмақ жылқыларына арналған көрмелердің ұйымдастырылуының басты мақсаты империяның оңтүстік-шығысындағы көшпелі халықтардың жылқы шаруашылығына қолдау көрсету болды. Бұл шаралардың мақсаты жылқы өсірушілердің қызметін жақсарту арқылы мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкес жылқыларды өсіру болды [20, 1587 б.]. Бұл кезеңде көрмелердің ұйымдастырылуы жылқы шаруашылығын қолдаудың жаңа әдісін, сондай-ақ шаруаларға кәсіби өсу мен іскерлік байланыстарды нығайту мүмкіндігін ұсынды.

Мемлекеттік жылқы зауытының басқарушылары бұл шараларды жүзеге асыру үшін арнайы адам ресурстарын жұмылдырды. Орынбор, Торғай және Орал облыстарының бес пунктінде көрмелерді ұйымдастыру үшін подполковник Фейхтнер мен Коллежский Советник Фрейфельд сияқты мемлекеттік тұлғалар бекітілді. Бұл аталған тұлғалар көрмелердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін арнайы тапсырмаларды орындап, көрмелердің дұрыс ұйымдастырылуын қадағалады. Комиссия құрамына жергілікті мал дәрігерлері мен уезной басшыларын қосу көрмелердің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған шара еді. Бұл комиссиялар көрме материалдарын бағалап, үздік жылқыларды таңдау барысында әділдікті қамтамасыз етуге тырыс-ты. Осылайша, көрмелер тек көрмелік шаралар ғана емес, мемлекеттік қолдауға сүйенген мемлекеттік жылқы шаруашылығын ұйымдастырудағы жүйелі жұмыстың маңызды бөлігіне айналды.

Бұл шараларды мемлекеттік қайырымдылық іс-шараларының бір бөлігі ретінде қарастырсақ, қазақ атбегілерінің қызметін дамытуға жасалған көмек болды. Алайда, мұндай қолдаудың артында белгілі бір империялық мақсаттар тұрды. Біріншіден, империяның әскери және көлік тасымалдау саласындағы қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін төзімді әрі өнімді жылқы тұқымдарын көбейту маңызды болды. Бұл жылқылардың империяның кең даласындағы тасымал-дау жүйесіне, сондай-ақ әскери мақсаттарға қызмет етуі көзделді. Осылайша, империяның жылқы шаруашылығына қолдау көрсетуі әскери және көлік салаларын дамытуға тікелей ықпал етті. Екіншіден, көрмелер арқылы асыл тұқымды жылқыларды сату жылқы өсірушілерге қосалқы табыс көзін ашуға мүмкіндік берді. Бұл жағдай қазақ байлары үшін жаңа экономикалық мүмкін-діктердің пайда болуына себеп болды. Көрмелер жылқының сапасын бағалау мен нарықтық сұранысқа сәйкес бағасын белгілеуге мүмкіндік берді.

Осылайша, жылқы өсірушілер тек өздерінің шаруашылықтарын дамыту ғана емес, сонымен қатар нарықта өз орындарын табуға мүмкіндік алды. Бұл фактор қазақ қоғамы үшін маңызды болды, өйткені ол тек мал шаруашылығын дамытуға емес, сонымен қатар шаруалардың экономика-калық тұрғыда тәуелсіздігін арттыруға да ықпал етті.

Бұл көрмелерге қатысу үшін жылқыларға қойылатын талаптар айқындалып, белгілі бір өлшемдерге сәйкес келу міндетті болды. Мәселен, 1884 жылғы 9-қазандағы Уақытша Ережеге енгізілген өзгерістерге сәйкес, Илецк уезінің екі пунктінде бір жылдық тайлардың бойы 2 аршыннан (1 аршын = 0,7112 м) кем болмауы керек деп белгіленген, ал Торғай облысында биелердің бойы 2 аршыннан төмен болмауы тиіс еді. Сонымен қатар, бір жылдық тайлардың бойы 1 аршын 14 вершоктан кем болмауы талап етілді [1, 30 б].

Бұл өлшемдер тек көрмелерге қатысушы жылқылардың сапасын арттыру үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекет тарапынан жылқы шаруашылығын реттеуде нақты стандарттар белгілеу мақсатында енгізілді. Осылайша, көрмелерді ұйымдастыру тек атбегілердің тәжірибесін бағалау-мен шектелмей, бүкіл жүйелі өндіріс процесінің сапасын бақылауға мүмкіндік берді. Жылқы тұқымдарын іріктеу мен бағалау кезінде осындай талаптар арқылы империя өз қажеттерін қанағаттандыратын, төзімді әрі сапалы жылқыларды өсіруді мақсат етті.

Сонымен, Ресей империясының шеңберінде жыл сайын әртүрлі аймақтарда 150-ден астам жылқы көрмелері ұйымдастырылып, олар төрт негізгі түрге бөлінді: 1) ауылдық шаруаларға арналған жылқылардың көрмелері – ауылдық жұмысшы сорты; 2) жер иеленушілердің жылқыларының осындай сорт көрмелері; 3) асыл тұқымды жылқылардың көрмелері; 4) қырғыз жылқыларының көрмелері [22, 344 б.].

Бұл көрмелердің әртүрлі топтарға бөлінуі әр аймақтың, шаруашылықтың және жылқылардың ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылғанын көрсетеді. Мәселен, ауылдық шаруашылыққа арналған жылқы көрмелері көбінесе жұмысшы жылқылардың сапасын арттыруды мақсат еткен болса, асыл тұқымды жылқылардың көрмелері мен қырғыз жылқыларының көрмелері тұқымдық тазалық пен өнімділікті арттыруға бағытталды. Көрмелерде мемлекеттік талаптарға сәйкес келетін ең үздік жылқылар таңдалды.

Осы көрмелерге қатысу үшін жылқылар алдын-ала тексеруден өтуі керек болды. 1884 жылғы 9-қазанда бекітілген Уақытша Ережеге сәйкес, көрмеге әкелінген жылқылардың бәрі алдын-ала тексеріліп, дене құрылысында кемшілігі бар немесе ауру жылқылар көрмеге жіберілмейтін. Бұл тексеру жылқылардың сапасын бақылау және тек ең үздік тұқымдардың қатысуын қамтамасыз ету үшін маңызды шара болды. Сонымен қатар, тексеру барысында әкелінген жылқыларға сан жағынан шектеу қойылмаған, бірақ әрбір жылқыға жеке номер беріліп, олардың барлық мәлімет-тері арнайы тіркеу кітабына жазылып отырды [1, 4а.]. Бұл жүйе көрмелердің ұйымдастырылуын реттеуге, сондай-ақ жылқылардың тарихын және олардың сапасын бақылауды жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Көрме барысында тек ең үздік артықшылықтары немесе көрсеткіштері бар жылқылар ғана жоғары сыйлықтарға ие болған. Мұндай тәсіл көрмелердің сапасын арттыруға, үздік жылқыларды анықтап, басқа қатысушыларға үлгі ретінде көрсетуге мүмкіндік берді. Егер мұндай жетістікке екі жылқы жеткен жағдайда, екеуіне де бірдей тең сыйлық берілген. Бұл ереже көрменің әділ және тең жағдай жасауды мақсат тұтқанын көрсетеді.

Екінші және үшінші орындарға да осындай әділ бағалау жүргізілген. Бұл жағдайда марапаттау нәтижесі комиссияның басым дауысымен шешімін тауып отырды. Яғни, комиссия мүшелерінің пікірі мен дауысы шешуші рөл атқарған, бұл процесс бағалаудың ашық, әрі әділ болуын қамтамасыз етті. Комиссияның дауыс беру жүйесі мен нәтижелерді жариялау тәртібі көрменің ұйымдастырылуындағы маңызды аспектілердің бірі болды, себебі ол жұртшылықтың сенімін арттырып, көрменің жоғары стандарттарын қалыптастырды.

Сонымен қатар, ережеде ерекше назар аударатын тағы бір маңызды аспект – сыйлықтардың тек алтын, күміс және қола медальдармен және мадақтау қағаздарымен шектелмегені. Бұл өз кезегінде көрмеге қатысушыларды ынталандыру мақсатында қосымша, нақты, әрі құнды марапаттардың берілгенін білдіреді. 1884 жылғы Уақытша Ереженің § 16 параграфына сәйкес, жоғары орын алған жылқылардың иелеріне сыйлық ретінде асыл

тұқымды айғырлар да берілген. Бұл шешім жылқы шаруашылығының дамуында тек бірегей жетістіктерді ғана емес, сондай-ақ жылқышыларға қосымша пайдалы және нақты ресурстарды ұсынуды көздеді. Айғырлар тек марапат ретінде ғана емес, сол кезеңдегі жылқы шаруашылығына қажетті маңызды ресурс ретінде қарастырылды. Осылайша, көрмелер тек мәдени шаралар емес, жылқы шаруашылығын мемлекеттік деңгейде тиімді басқарудың бір құралына айналды.

Европалық Ресейдің оңтүстік шығысында орналасқан көшпелілер үшін ұсынылған сыйлық-тар көлемі айтарлықтай үлкен болды. Бұл сыйлықтар жүйесі көрмелердің мақсатын тиімді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік берді, себебі олар жылқы шаруашылығының дамуына қолдау көрсету мен оны ынталандыруда маңызды рөл атқарды [1, 6 б.]. Мәселен, жоғары деңгейдегі сыйлық алған айғырлар үшін алтын медаль немесе алтын, күміс заттар – 100 рубль құнында ұсынылған. Айғырларға медаль немесе заттар – 75 рубль құнында, бір жылдық тайларға медаль немесе заттар 50-25 рубль құнында берілгені көрсетілген. Бұл сыйлықтар жылқылардың жоғары сапасын мойындаудың нақты белгісі, әрі оларды арттыру үшін қосымша ынталандыру болды.

Сонымен қатар, екінші деңгейдегі сыйлықтар бойынша айғырларға медаль немесе заттар – 75 рубль құнында, биелерге – 50 рубль құнында, ал бір жылдық тайларға медаль немесе заттар 20-5 рубль құнында берілген. Бұл сыйлықтар көлемінің айырмашылығы, екінші деңгейдегі марапаттардың қолжетімді, әрі әрбір шаруашылықтың қатысуын ынталандыруға бағытталғанын көрсетеді. Сонымен бірге, көрмелердің жүлде жүйесі бір жағынан барлық деңгейдегі қатысушы-ларға сыйақы беру арқылы, жылқы шаруашылығындағы ең үздік үлгілерді ынталандырып, басқа шаруаларға үлгі ретінде көрсетуге мүмкіндік берді.

Үшінші орындарға қола медальдар мен мадақтау қағаздарының берілуі, көрменің нәтижелерін ашық, әрі әділ түрде жариялауды қамтамасыз етті. Мұндай марапаттар тек моральдық қолдауды білдіріп қана қоймай, жылқы шаруашылығында да үлкен маңызға ие болды. Олар шаруалар үшін маңызды әлеуметтік мәртебе мен танымалдылықты арттыруға ықпал етті.

Осылайша, сыйлықтар мен марапаттардың мұндай жүйесі жылқы өсірушілердің өндіріс сапасын арттыруға, сонымен қатар олардың қоғамдық мәртебесін көтеруге бағытталған маңызды шара болды.

Осы Уақытша Ереженің § 26 параграфына назар аударатын болсақ, көрмеге 10 жылқыдан (туатын бие) көп жылқы әкелген жылқы өсірушілерге Мемлекеттік жылқы өсіру зауытының Бас басқармасының ерекше сыйлығы ретінде зауыттың жылқылары ұсынылған. Бұл ерекше ереже, жоғарыда аталған сыйлықтар жүйесінің аясында, көрменің маңыздылығын арттырып, жылқы өсірушілердің еңбегін нақты бағалау мен олардың үлесін атап өтуге мүмкіндік бергенін көрсетеді.

Бұл шара жылқы өсірушілер үшін айтарлықтай ынталандыру болды, себебі олар жоғары сапалы жылқыларды көбейтіп, көрмеге көп жылқы әкелу арқылы тек өздерінің шаруашылықтарын ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік деңгейде қолдауға ие бола алды. Мемлекеттік жылқы өсіру зауытының Бас басқармасынан осындай сыйлық алу – бұл тек кәсіби жетістік емес, сонымен қатар сол кезеңдегі ең жоғары таным мен мәртебеге ие болудың бірден-бір жолы еді. Бұл сыйлықтың берілгендігі жылқы өсірудің мемлекеттік деңгейде дұрыс жолға қойылғандығын, сондай-ақ империяның жылқы шаруашылығына үлкен көңіл бөлгенін айғақтайды.

Зерттеуші Т.М. Гусеваның еңбегіне негізделген талдауға сүйенсек, жылқы көрмелеріндегі сыйлық көлемінің Ресейдің ішкі көрмелері мен көшпелілердің жылқыларына арналған көрмелер арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екені анықталады. Мәселен, ішкі Ресейдегі көрме-лерде 3, 4 және 5 жастағы айғырлар мен биелер бағаланып, сыйлықтар тек жылқының жасы мен сыртқы көрінісіне ғана емес, оның асыл тұқымдылығы мен күтіміне де тәуелді болған. Мұндай көрмелерде берілген марапаттар негізінен ақшалай сыйлықтар, қола медальдар мен мадақтау қағаздарынан тұрды. Жоғары деңгейдегі сыйлық айғырларға 300 рубль, биелерге 250 рубль көлемінде ұсынылса, екінші деңгейдегі сыйлықтар айғырларға 250 рубль, биелерге 200 рубль берілген. Шаруалардың жылқылары үшін сыйлықтар айтарлықтай

төмен болғаны көрініс тапты, яғни жоғары деңгейдегі сыйлық айғырларға 75 рубль, биелерге 50 рубль құны ұсынылса, екінші деңгейдегі сыйлықтар айғырларға 40 рубль, биелерге 25 рубль болды [22, 344 б.].

Бұл сыйлықтардың көлеміндегі айырмашылықтар Ресей империясының жылқы шаруашылығындағы әртүрлі топтар мен шаруашылықтарды бағалау жүйесінің ерекшеліктерін айқындай-ды. Ішкі Ресейдің көрмелерінде басымдық көбінесе асыл тұқымды жылқылар мен шаруалардың кәсіби деңгейіне берілді, ал көшпелі халықтардың жылқылары мен шаруашылықтары үшін сыйлықтар айтарлықтай төмен болды. Бұл тек көрмелердің ұйымдастырушы тарапынан қойылған талаптарға ғана емес, сондай-ақ сол кездегі әлеуметтік және экономикалық құрылымның әсері деп қарастыруға болады.

Ең қызығы, шаруа жылқыларына берілген сыйлықтардың көлемі мен түрі айтарлықтай төмен болғанымен, олар үшін қосымша сыйлықтар да қарастырылған еді. Мәселен, 1-деңгейдегі сыйлық алған жылқы иелеріне 100 рубль құнындағы алтын медаль немесе ақшалай сыйлық ұсынылса, шаруа жылқылары үшін 10 рубль құны бар күміс медаль берілді. Бұл сыйлықтар шаруалар үшін қосымша ынталандырушы фактор ретінде қарастырыла отырып, олардың шаруашылықтарын дамытуға, жақсы күтім мен асыл тұқымды жылқыларды өсіруге деген ықыласын арттырды.

Осылайша, көрмелерде сыйлықтардың әртүрлі көлемі мен түрі тек жылқылардың сапасын бағалаудың өлшемі ғана емес, сонымен қатар сол кездегі әлеуметтік және экономикалық жағдайды да көрсетті.

Қорытынды. XIX ғасырда Ресей империясында жылқы шаруашылығының дамуы, әсіресе қазақ жылқыларының рөлі тарихи, экономикалық және мәдени үрдістердің нәтижесі болды. Бұл кезеңде жылқы шаруашылығы тек ауыл шаруашылығы мен көлік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен қатар, әскери мақсаттар мен сауда үшін де маңыздылық танытты.

Осы кезеңде нарықтық экономиканың тереңдеп енуі жылқы шаруашылығын коммерцияландыруға әкеліп, асыл тұқымды жылқыларға сұраныстың артуына себеп болды. Жылқылар қосалқы табыс көзіне айналды.

Ресейдің еуропалық бөлігіндегі жылқы көрмелерімен қатар, көшпелі халықтарға арналған арнайы Уақытша Ереженің қабылдануы дала жылқыларына деген жоғары қызығушылықты айқындады. Бұл ереже жылқы шаруашылығын реттеуге және оны дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырылды.

Көрмелер тек жылқылардың сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар қазақ атбегілерінің экономикалық және әлеуметтік мәртебесін көтеруге де ықпал етті. Мемлекеттік қолдау мен инвестициялар жылқы шаруашылығын дамытуда маңызды рөл атқарды. Алайда, бұл қолдау бұрынғы қайырымдылық шараларынан өзгеше болды, себебі олардан белгілі бір қайтарым күтілді. Мұны, біздіңше, жылқы көрмелерінде ұйымдастырылатын марапаттар мен сыйақылар арқылы негіздеуге болады, өйткені жылқы өсірушілерге ұсынылған марапаттар экономикалық мүдделерді көздейді.

Сонымен, қазақ жылқыларының көрмесі, біріншіден, ұлттық нарықтық экономиканың нығаюына ықпал етіп, нарықтық қатынастардың қалыптасуына әсер етті. Екіншіден, қазақ жылқыларының көрмесі қайырымдылық қызметінің сипатын өзгертуге өзіндік үлесін қосты, өйткені бұрынғы біржақты қайырымдылықтан экономикалық мүдделерді көздейтін жүйеге көшу үрдісінің қалыптасуына мүмкіндік ашты. Үшіншіден, жылқы шаруашылығының коммерциялануына алып келді, бұл шаруашылықтың жаңа нарықтық талаптарға бейімделуіне және қосалқы табыс көздерін іздеуге бағытталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ОГАОО РФ (Объединенный государственный архив Оренбургской области РФ). – Ф 10, опись 1, дело 27, л. 3-30 об.

2. Sean McDaniel. *Equine Empire: Horses And Power On The Kazakh Steppe, 1880s-1920s. A dissertation Submitted to Michigan State University in partial fulfillment of the requirements for the degree of History – Doctor of Philosophy*, 2019. – 242 p.

3. Мельникова Д.А. Деятельность центральных органов власти и общественных организаций по развитию коневодства Российской империи во второй четверти XIX – начале XX в. – автореферат диссерт. на соискание учен. степен. канд.ист.наук. – Санкт-Петербург, 2022. – 24 с.

4. Самойлова Е.Н. *Коневодческое хозяйство Курской губернии во второй четверти XIX - начале XX вв.»* – автореферат диссерт. на соискание учен. степен. канд.ист.наук. – Курск, 2013. – 26 с.

5. Тоқтабай А.У. *Қазақ жылқысының тарихы.* - Алматы: Алматыкітап, 2010. – 496 б. – ISBN 978-601-01-0322-1.

6. Artykbayev Zh. *The Origin Of Horse Breeding And Its Role In History (based on the materials of Saryarka) // Bulletin of history. №1 (104). 2022. – P. 71-79.*

7. Жанисов А.Т. *Внешнеторговые контакты казахов среднего жуза в XVIII-XIX вв.: поставка лошадей в приграничные торговые пункты // Актуальные вопросы современной науки и образования. Сборник статей VI Международной научно-практической конференции. – Петрозаводск, 2021. – С. 122-129.*

8. Akhmet U. Toktabay a , Aigerim S. Nugumarova. *Problems of Kazakh Horse Breeding in the Works of Researchers of the Russian Empire// Blye Gody. E-ISSN: 2310-0028 2022. 17(2): 604-620 DOI: 10.13187/bg.2022.2.604. Journal homepage: <https://bg.cherkasgu.press>*

9. James J. Fishman, *Charitable Accountability and Reform in Nineteenth-Century England: The Case of the Charity Commission, 80 Chi.-Kent L. Rev. 723 (2005). Available at: <https://scholarship.kentlaw.iit.edu/cklawreview/vol80/iss2/7>*

10. Ian Wylie Campbell. *Knowledge and Power on the Kazakh Steppe, 1845-1917. A dissertation submitted in partial fulfillment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy (History) in the University of Michigan 2011. – 471 p.*

11. Тиховодова, А. В.. *Деятельность благотворительных обществ и учреждений в Нижегородской губернии во второй половине XIX – начале XX веков// Научный диалог. – 2021. - № 9. - С. 486-511.*

12. Мельникова Д.А. *Конская торговля в Российской империи во второй половине XIX – начале XX вв. // Экономическая повседневность. С. 41-51. [file:///C:/Users/user/Downloads/elibrary_47830453_61406075%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/user/Downloads/elibrary_47830453_61406075%20(1).pdf)*

13. Пашенцева Э.А., Пашенцев А.П. *Из истории внешней торговли Семипалатинского купечества в XIX веке // Исторические науки. – С. 67-71. <https://cyberleninka.ru/article/n/iz-istorii-vneshney-torgovli-semipalatinskogo-kupechestva-v-xix-veke>*

14. Раздорский А.И. *Конская торговля Москвы в XVII веке (по материалам таможенных книг 1629 и 1630 гг.). Ответ. ред. С.О. Шмидт. - Москва: «Старая Басманная», 2011. – 283 с.*

15. Мердер И.К. *Список частных конских заводов в России. – Изд. по распоряж. Его Высочайшего повеления г. Министра гос. имуществ. – СПб., 1878. – 420 с.*

16. Шахназаров А. *Очерк сельского хозяйства Туркестанского края. – СПб., 1898 г. – 152 с.*

17. Джантюринъ Султан. *Очерки киргизского коневодства // Журнал коннозаводства. – Оренбург, 1883 г. – № 7, 8. – С. 1-43; С.1-24.*

18. *Земли для коневодства и скотоводства въ Азіатской Россіи. Справочная книга для лицъ, желающих арендовать скотоводческіе казенные участки въ степныхъ областяхъ, Туркестанском краѣ и въ Сибири. – С-Петербургъ, 1913. <https://www.prlib.ru/item/412159>*

19. Темиргалиев Р. *Традиционная экономика и ее наследие. – Астана, 2019. – 54 с.*

20. Mel'nikova Darya A. *All-Russian Exhibition Horses in the Russian Empire (the second half of XIX – early XX centuries)// Blye Gody Has been issued since 2006. E-ISSN: 2310-0028 Vol. 54. Is. 4. pp. 1584-1593. 2019 DOI: 10.13187/bg.2019.4.1584 Journal homepage: <http://ejournal52.com>.*

21. Самойлова Е.Н. Меры по улучшению коневодства в России XIX - начала XXв. (на примере Курской губернии) // *Научные ведомости. Серия История. Политология. Экономика. Информатика.* 2013 № 22 (165). Выпуск 28. – С. 102-109.

22. Гусева Т.М. Пропаганда агрокультурных новаций среди сельского населения Среднего Поволжья во второй половине XIX - начале XX века // *Сборник статей IX Всероссийской (XVII средневоложской) конференции историков-аграрников, археологов, этнографов Евразии «Историко-культурное наследие Российской деревни: сохранение и развитие».* – Казань: Издательство: Институт Татарской энциклопедии и регионоведения АН РТ, 2023. – С. 339-346.

References

1. OGAOO RF (Ob"edinennyj gosudarstvennyj arhiv Orenburgskoj oblasti RF). – F 10, opis' 1, delo 27. [in Russian]

2. Sean McDaniel. *Equine Empire: Horses And Power On The Kazakh Steppe, 1880s-1920s.* A dissertation Submitted to Michigan State University in partial fulfillment of the requirements for the degree of History – Doctor of Philosophy, 2019. – 242 p. [in English]

3. Mel'nikova D.A. *Deyatel'nost' central'nyh organov vlasti i obshchestvennyh organizacij po razvitiyu konevodstva Rossijskoj imperii vo vtoroj chetverti XIX – nachale XX v.* – avtoreferat dissert. na soiskanie uchen. step. kand.ist.nauk. – Sankt-Peterburg, 2022. – 24 s. [in Russian]

4. Samojlova E.N. *Konevodcheskoe hozjajstvo Kurskoj gubernii vo vtoroj chetverti XIX - nachale XX vv.»* – avtoreferat dissert. na soiskanie uchen. step. kand.ist.nauk. – Kursk, 2013. – 26 s. [in Russian]

5. Toktabaj A.U. *Kazak zhylyksynyn tarihy.* - Almaty: Almatykitap, 2010. – 496 b. – ISBN 978-601-01-0322-1. [in Kazakh]

6. Artykbayev Zh. *The Origin Of Horse Breeding And Its Role In History (based on the materials of Saryarka)* // *Bulletin of history.* №1 (104). 2022. – P. 71-79. [in English]

7. Zhanisov A.T. *Vneshnetorgovye kontakty kazahov srednego zhuza v XVIII-XIX vv.: postavka loshadej v prigranichnye torgovye punkty* // *Aktual'nye voprosy sovremennoj nauki i obrazovaniya. Sbornik statej VI Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii.* – Petrozavodsk, 2021. – S. 122-129. [in Russian]

8. Akhmet U., Toktabay A., Aigerim S. Nugumarova. *Problems of Kazakh Horse Breeding in the Works of Researchers of the Russian Empire* // *Bylye Gody.* E-ISSN: 2310-0028 2022. 17(2): 604-620 DOI: 10.13187/bg.2022.2.604. Available at: <https://bg.cherkasgu.press> [in Russian]

9. James J. Fishman, *Charitable Accountability and Reform in Nineteenth-Century England: The Case of the Charity Commission*, 80 *Chi.-Kent L. Rev.* 723 (2005). Available at: <https://scholarship.kentlaw.iit.edu/cklawreview/vol80/iss2/7/> [in English]

10. Ian Wylie Campbell. *Knowledge and Power on the Kazakh Steppe, 1845-1917.* A dissertation submitted in partial fulfillment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy (History) in the University of Michigan 2011. – 471 p. Available at: https://deepblue.lib.umich.edu/bitstream/handle/2027.42/86561/icampbel_1.pdf;sequence=1 [in English]

11. Tihovodova, A. V.. *Deyatel'nost' blagotvoritel'nyh obshchestv i uchrezhdenij v Nizhegorodskoj gubernii vo vtoroj polovine XIX – nachale XX vekov* // *Nauchnyj dialog.* – 2021. - № 9. – S. 486-511. [in Russian]

12. Mel'nikova D.A. *Konskaya torgovlya v Rossijskoj imperii vo vtoroj polovine XIX – nachale XX vv.* // *Ekonomicheskaya povsednevnost'.* S.. 41-51. Available at: [file:///C:/Users/user/Downloads/elibrary_47830453_61406075%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/user/Downloads/elibrary_47830453_61406075%20(1).pdf) [in Russian]

13. Pashenceva E.A., Pashencev A.P. *Iz istorii vneshnej torgovli Semipalatinskogo kupechestva v HIH veke* // *Istoricheskie nauki.* – S. 67-71. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/iz-istorii-vneshney-torgovli-semipalatinskogo-kupechestva-v-xix-veke> [in Russian]

14. Razdorskij A.I. *Konskaya torgovlya Moskvy v XVII veke (po materialam tamozhennyh knig 1629 i 1630 gg.).* *Otvet. red. S.O. Shmidt.* - Moskva: «Staraya Basmannaya», 2011. – 283 s. [in Russian]

15. Merder I.K. *Spisok chastnyh konskih zavodov v Rossii.* – Izd. po rasporyazh. Ego Vysokoprevoskhoditel'sva g. Ministra gos. imushchestv. – SPb., 1878. – 420 s. [in Russian]
16. Shahnazarov A. *Ocherk sel'skogo hozyajstva Turkestanskogo kraja.* - Sankt-Peterburg, 1898 g. – 152 s. [in Russian]
17. Dzhyntyurin" Sultan. *Ocherki kirgizskogo konevodstva // Zhurnal konnozavodstva.* – Orenburg, 1883 g. – № 7, 8. – S. 1-43. S.1-24. [in Russian]
18. *Zemli dlya konevodstva i skotovodstva v" Aziatskoj Rossii. Spravochnaya kniga dlya lic", zhelayushchih" arendovat' skotovodcheskie kazennye uchastki v" stepnyh" oblastyah", Turkestanskom kra" i v" Sibiri.* – S-Peterburg", 1913. Available at: <https://www.prlib.ru/item/412159> [in Russian]
19. Temirgaliev R. *Tradicionnaya ekonomika i ee nasledie.* – Astana, 2019. – 54 s. [in Russian]
20. Mel'nikova Darya A. *All-Russian Exhibition Horses in the Russian Empire (the second half of XIX – early XX centuries)// Bylye Gody Has been issued since 2006. E-ISSN: 2310-0028 Vol. 54. Is. 4. pp. 1584-1593.* 2019. Available at: <http://ejournal52.com>. [in Russian]
21. Samojlova E.N. *Mery po uluchsheniyu konevodstva v Rossii XIX - nachala XXv. (na primere Kurskoj gubernii) // Nauchnye vedomosti. Seriya Istoriya. Politologiya. Ekonomika. Informatika.* 2013 № 22 (165). Vypusk 28. – S. 102-109. [in Russian]
22. Guseva T.M. *Propaganda agrokul'turnyh novacij sredi sel'skogo naseleniya Srednego Povolzh'ya vo vtoroj polovine XIX - nachale XX veka // Sbornik statej IX Vserossijskoj (XVII srednevolzhskoj) konferencii istorikov-agrarnikov, arheologov, etnografov Evrazii «Istoriko-kul'turnoe nasledie Rossijskoj derevni: sohranenie i razvitie».* – Kazan': Izdatel'stvo: Institut Tatarskoj enciklopedii i regionovedeniya AN RT, 2023. – S. 339-346. [in Russian]

На подлинномъ написано:
«Утверждаю. Октября 9-го дня 1884 г.
Главнуправляющій Государственнымъ
Коннозаводствомъ Генераль-Адъютантъ
Графъ Воронцовъ-Дашковъ.»

Временныя правила

для выставокъ киргизскихъ и калмыцкихъ лошадей, учреждаемыхъ Главнымъ Управленіемъ Государственнаго Коннозаводства.

§ 1.

Ввидахъ возможнаго поощренія къ развитію и улучшенію коневодства кочевыхъ народовъ юго-востока Европейской Россіи — киргизовъ (областей Тургайской и Уральской, а также Внутренней Киргизской орды) и калмыковъ, обитающихъ въ Астраханской губерніи, — Главнымъ Управленіемъ Государственнаго Коннозаводства учреждаются выставки лошадей, для киргизскихъ лошадей — въ Ставкѣ Внутренней Киргизской орды и при городахъ: Уральскѣ, Оренбургѣ, Орскѣ и Троицкѣ, а для астраханскихъ калмыковъ — на Элистѣ, административномъ пунктѣ южной части Мало-Дербетовскаго улуса.

§ 2.

На сихъ выставкахъ отъ Главнаго Управленія Государственнаго Коннозаводства выдаются преміи